



МҰҚРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№27
(2302)
Сенбі
19 сәуір
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезекті 37-ші сессиясы өтті. Жиынды аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш ашып, жүргізіп отырды.

Сессияға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, аудан прокуроры Дарын Әбіш, аудан әкімінің орынбасарлары, облыстық бағыныстағы мекемелердің басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері, дербес бөлім басшылары мектеп директорлары мен мемлекеттік және жекеменшік балабақша меңгерушілері қатысты.

Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. «Өндіріс салалары, ауыл шаруашылығы, экология, табиғат ресурстарын пайдалану» жөніндегі тұрақты комиссияның есебі туралы аудандық мәслихаттың депутаты, комиссия төрағасы Арғын Орымбаев хабарлама жасады. Екінші мәселе «Аудандық білім бөлімінің атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері туралы» аудандық



білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов баяндады.

Жиында аудан әкімі сөз сөйлеп, күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

-Сессияның күн тәртібіндегі әрбір көтерілген мәселелерді зерделеу үшін арнайы уақытша құрылған

комиссиялардың жұмысын әлде де жетілдіру керек. Мәселен, комиссия аудандағы білім ұйымдарын түгел аралап, олардан анықталған кемшілікті тез арада қайта қалпына келтіруге жұмыс істеуі керек. Егер кемшіліктер өз мерзімінде қалпына келмесе, тиісті құзырлы органдарға ұсыныс бергені дұрыс. Мек-

теп директорлары, ұстаздар ата-аналармен бірлесе бала тәрбиесіне қатысты нақты шараларды жүзеге асыруы қажет. Сондай-ақ, түнгі рейдтік шараларды да күнделікті тоқтатпай, бала қауіпсіздігіне аса мән беруіміз қажет, - деді аудан әкімі.

Сонымен қатар, жасөспірімдердің қауіпсіздігі, олардың тәрбиесі, мектептер мен балабақшалардың жағдайына байланысты білім беру ұйымдарының басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеп, жауапты орынбасарларына қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Ал, сессияда аудан прокуроры Дарын Әбіш жеке балабақшаларға байланысты анықталған кемшіліктер бойынша заң аясында тиісті жұмыстар жүргізіп, аудандық прокуратураға ұсыныс беру қажеттігін ескертті. Аудандық мәслихаттың депутаттары тарапынан білім саласына қатысты ұсыныстар айтылып, сауалдар жолданды.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте өртке қарсы маусымға дайындық мәселелері, су тасқынының жағдайы және басқа да бірқатар өзекті мәселелер талқыланды.

Жиында аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Алтынбек Қалиев баяндама жасады. Аудан аумағында өткен жылы 25 гектарды қамтыған 4 өрт оқиғасы, осы жылы 1 өрт оқиғасы тіркелген.

Аудан әкімі алдағы уақытта өрт оқиғаларының алдын алу үшін дайындық жұмыстарын қайта пысықтап, барлық техника мен құрал-жабдықтардың үнемі дайын болуын қатаң тапсырды. Сондай-ақ алдағы кезең дала өрттерінің жиі орын алатын уақыты екенін айтып, осыған сәйкес аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, орман шаруашылығы мекемесі және ауыл әкімдері мен тиісті мекемелерге тілсіз жаудың алдын алуға байланысты сақтық шараларын қолға алып, бірлесе жұмыс істеуге нақты тапсырмалар берді.

Биыл Сырдария өзеніндегі сең наурыз айының 15-і мен 17-сі аралығында аудан аумағынан өтті. Өзен бойындағы елді мекендер мен шаруа қожалықтарына ешқандай зиян келтірілмеді. Дегенмен, аудан әкімі тиісті сала басшылары мен ауыл әкімдеріне халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында су тасқынына қарсы белсенді іс-шараларды қайта пысықтап, тиісті жұмыстарды ұйымдастыру керектігін айтты.

Мәжілісте аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет тиісті сала басшылары мен кент, қала және ауылдық округ әкімдеріне мерзімді әскерге шақыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру, коммуналдық қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуі, алдағы жылу беру маусымына дайындық, тазалық жұмыстары мен мамыр айындағы мерекелік шараларды атап өту сынды мәселелерге байланысты тапсырмалар беріп, әрбір тапсырманың орындалуын жауапты орынбасарларына қатаң бақылауға алуды тапсырды.

КОМИССИЯДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алиевтің төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Жиында аудандық білім бөлімінің бас маманы Қуаныш Ерімбетов пен аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Алтынбек Қалиев оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мәселелеріне байланысты хабарлама жасады. Ал, Қазалы аграрлық техникалық колледжінің директоры Арман Мусаев студенттер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды атап өтті.

Комиссия төрағасы Жәнібек Алмасұлы оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстарында ешқандай кемшілік болмау керектігін, сондай-ақ ең бастысы демалыс уақытында балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстап, ата-аналармен тығыз

байланыста болу жөнінде тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Биыл аудан бойынша 1-10 сынып аралығындағы 16001 баланың 15553; (97,2%) жазғы демалыс шараларына қамтылу жоспарланып отыр. Осыған сәйкес, Жәнібек Алиев аудандық білім бөлімі мен тиісті мекемелер бірлесе Қазалы қаласындағы «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығының жұмыс маусымына дайындығын қамтамасыз ету мен мектептер жанында және қосымша білім беру ұйымдары жанынан күндізгі тынығу лагерлерін ашып, онда түрлі іс-шараларды қолға алу жөнінде де бірқатар тапсырмалар берді.

Айта кетейік, комиссия отырысына аудандық прокуратураның прокуроры Нұрсұлтан Бейбітәлі қатысып, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз ұсыныстарын жеткізді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

ӘЛІМ АЛПЫСБАЙ МОЛДА

(Соңы. Басы газетіміздің №24, 25, 26 сандарында)

Әскери топограф И.Ф.Бларамберг «...жеті мың жылқы, екі мың бес жүз түйе, төрт мың сиыр, қырық мың қой біткен бай әрі мырза; отыз екі ұлы, он бір әйелі» – бар, – Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, қажетіне төрт жүз сәйгүлік берген» деп жазатын әйгілі Достан Тәңірбергенұлымен мырза Сәріктің ауызтамыр, дос болғаны айтылады. Әрине, тарихи құжаттарға Достанның есімі ілігіп, Сәріктің еленбей қалуы – халық арасында ол жайында айтылатын қария сөздерді терістей алмайды. Мұның бәрі де сол – бір әулеттің тарихына түрен түспестен, күні бүгінге дейін тұмса күйде жатуының белгісі болса керек. Әйтпесе, біз сөз етіп отырған Алпысбай молданың әкесі Сауап сол Сәрік мырзаның қарақалпақ әйелі Ауадан туған Бәйтен деген ұлынан тарайды. Халық жады сақтаған деректер осылай шешіреді.

Жалпы, Сыр бойындағы орыс отарлаушыларына қарсы ірі ұлт-азаттық көтерілістің басында тұрған баһадүр, би, шаһид Жанқожа Нұрмұхамедұлы малтегінің жағдайынкүйттеп, көптен оқшаулау отырған жақайым Жылқайдар Сырлыбайұлы жау қолынан қаза тапқаннан кейін, қазақпен қоңсы отырған қалың қарақалпақты түре қуғанға дейін, бұл топырақты қазақ-қарақалпақ қатар жайлағанын ескерер болсақ, аталмыш құдандылықтардың да жайы өзінен-өзі түсінікті бола бастайды. Бір қызығы, ел арасында әнші, ақын, шайыр, жыраулығынан бұрын, былайғы жұрт Алпысбайды «молда» атандырған. Жалпы, оның генеалогиялық тамыр-тармағын жоғары қарай өрлеткенде, арғы тегі елге белгілі, беделді тұлғалар болғанын байқаймыз. Әттең, олар жайындағы көл-көсір деректердің дер кезінде жиналып, эпикалық жыршылықтың аужайын байқататын ғылымның игілігіне айналмауы өкінішті, әрине.

Ілгеріде «дін саласында терең ілім алып, имани ғылым жолында белгілі бір дәрежеге жеткен, сөйтіп халыққа ұстаздық еткендер» ғана жалпақ жұртқа «молда» атанғаны және Алпысбайдың молдалық дәрежесі өнерінің оқ бойы алдында жүруі тегін емес. Діни сауатты, Құран мен дін рәсімдерінің білгірі өзінің бұл қасиетін Паналымен арада өткен айтыста да білдіріп отырады. Оның діни сауатына қатысты табан тірейтін негізгі тірек те – осы. Олай болса, байқап көрелік, қоңырат қызының молдекеңе деген құрметі қандай екен? Дидары «қара аруақ» секілді болғандықтан, қыз «Балқиды сізді көріп тұла бойым» дейді ықыласы ауған сәтте. Дәлелді дәйек иесі екенін біліп, «Молдеке, бұл сөзіме дәлел керек» деп сауалына жауап сұрайды. Сөйтіп отырып, «Молдеке, мінезің бар алақұйын»

деп оның мінезіндегі «мінге» де мән береді. Бір сәт «Қарасай молдекемнің сөзге ұстасын» деп, тақуаның тауып айтатынына балаша шаттанады.

Ал молдалығы жайынан өзі не депті? Айтысып отырып, арасында «Қойныңда кітабы отыр молдаманың» деп қызға шүйліккенде, сүріндіремін деп әуре болмауын сұрағанда, аузынан шыққан жұпар лебізі мынадай: «Мәдинах, Әуелиенах, Ахринах, / Айламен сүрінтерсің қаяғымнан». Ілім арқылы тұрғызған дін қорғаны, иман орманы, әулие, пірлерден қолдауы күшті екенін ол осылайша, сыпайы түрде ғана сипай қамшылап жеткізеді. Қанша жерден ілімді болса да қыздың «ақ орданың ішінен шыға ән салып, ертелі-кеш өлеңдетіп, әр бұтаның түбіне көмбе қойып, бас аулық бозбаланы қоғамдап, жиырма бесте самайына ақ кіруі, сол пиғылдан ар алдап, базар кәрі» болуының басты себебін «Қыз бала, он бес жаста бұлаңдадың, / Үкіміне қоймай мойын бір Алланың» дегенге жығады. Иә, молдекең үшін Жаратқан Иенің үкімі бәрінен биік, сол құдіретке бас қойған жұмыр бастылар ғана дүниеде дегеніне жетпек. Қиындық, ауыртпалықтарды еңсеру үшін «Бетіне оқып, қарашы Нұрнаманың» дейді, пенденің басына қандай бейнет түрі қонақтағанда да жеңілдік беретін «Нұрнама» дұғасына сілтеп. Әрине, біз оның қайда оқып, кімдерден үлгі алғанын білмейміз, десе де төлбасы Маханбетжанға діни сауат аштырып, Құранды бастан-аяқ жадқа алдырып, тәжуид ғылымын меңгерген, қирағат ерекшеліктері мен аяттардың тәпсірін білетін қари жасағанынан көп нәрсені аңғарып, ойша қалыптап шығуға болады.

Алпысбай молданың бәйбішесі Зейнеп Ешниязқызы жайында немересі Г.Хұсайынқызы «Негізі, Зейнеп шешеміз оннан аса құрсақ көтеріпті. Оның тең жарымы тірі қалып, оның да екеуі соғысқа кетіп, тұқымсыз кеткен екен ғой» дейді. Өкінішке қарай, алтын құрсақ әжелерінің өмірдерегі – «қайда, қашан туған, қай елдің қызы, қашан дүние салды...» деген он сан деректерден кейінгі ұрпағы да хабарсыз болып шықты. Білетіндері, соғыстан кейін, жұрт аяғы басылып, жаймашуақ тіршілік орнап, жыраудың ұлы Хұсайын мен келіні Ақан некеге тұрған жылы (15. 08. 1949) кейуана дүние дидарында бар, бірақ екі көзден зағип.

Немересі Г.Хұсайынқызы «...бұл жылдары Алпысбай атамның жарық дүниеде болмағанын шамалауға болатын сияқты» – дей келіп, – анасы Ақан осы жылдары атасын «көрдім» дегенін естімегенін, керісінше, енесі Зейнеп жайында, бұл келін болып түскенде оның көзі соқыр екенін, келінінің дидарын көре алмай, «Бойың, көзің, мұрның, шашың қандай?» деп жүзін

қолымен сипалап отыратынын» жазыпты. Гүлекең «Жыраудың төлбасы Маханбетжан 1897 жылы, ал кенжесі Мәрзия 1926 жылы туғанын», көненің адамдары ерте, «жиырманың о жақ, бұ жағында аяқтанатынын» айта келіп, Алпысбай молда «дүние дидарына 1877 жылдың мұғдарында келуі әбден мүмкін». Сондай-ақ, «1926 жылдары жырау өмірде бар, ердің жасы елудің төңірегінде» деген болжам жасапты. Ал, жеделдес келіні Үбәйданың куәландыруы бойынша, 1938 жылдың қыркүйегінде, үлкен ұлы Маханбетжан шаңырақ көтергенде әкесі тірі.

Алпысбай молданың бес перзентінің үлкені – Маханбетжан (1897–1969), одан кейін Шаһизада (1916–1941) мен Ислам (Сылай, Сылам. – авт. 1919–1942), солардан соң Хұсайын (1921–1974) және Мәрзия (1926–1985). Айтуларына, бесеуі де өнерлі болған, бірақ ата жолын құмаған, жыраулық дәстүрді тұтынбаған, заманғасай мұғалімдер әулетіне айналған. Тағы да сол Г.Хұсайынқызының жазуынша, майданға аттанып, хабарсыз кеткен «Ислам мен Шайзада да ән салып, күй тартыпты. Әсіресе, Шайзадасы суырыпсалма ақын болыпты». Тұңғыш ұлы да ән-күйге әуес болып, кейін бірыңғай дінге ден қойған сияқты.

Отан үшін отқа түсіп, шәһид кеткен, сөйтіп артында із қалмаған қос перзенті – суырыпсалма ақын Шәһизада (Шәйзада) әскерге 1939 жылы алынып, Фин және Ұлы Отан соғысына шекарашы-атқыш ретінде қатысып, 25 жасында, ал әнші, күйші Ислам майданға 1941 жылы, шілдеде аттанып, соғысқа атқыш ретінде түсіп, 1942 жылы желтоқсанда Сталинград бағытындағы шайқаста 23 жасында хабарсыз кетіпті. Олар жайындағы деректі «Боздақтар» естелік кітабынан ғана көруге болады (Боздақтар. Қызылорда облысы. – Алматы: Қызылорда облыстық «Боздақтар» естелік кітабының редакциясы. – 1997. – IV том. – 269-б.).

Әкесі Алпысбай кенже ұлы Хұсайынды атына мінгестіріп, қайда жүрсе де алып жүретіндіктен болар, «оның құлағында әкесінен естігендері көбірек сақталыпты». Ал Зейнептің су қараңғы болып қалу себебі майданға кеткен қос боздақтың зары екені айтпаса да түсінікті. Бәлкім, осы екі ортада, яғни 1938–1948 жылдары кейуана шалынан да көз жазып қалуы әбден мүмкін ғой. Сөйтіп, 1949 жылы кенже ұлды аяқтандыруда осындай да мән болған шығар? Әрине, мүмкін, бәрі мүмкін, тіртінектей берсең мүмкін емес нәрсе жоқ. Бірақ бұл құр қисынға сүйенген, болуы мүмкін болжамдардың бірі ғана.

Жалпы, Алпысбай молдаға қатысты жайттарды тәңіректей отырып таңырқағаным, бір кездері ҚР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ты ұйымдастырған, құрамында М.Байділдаев, З.Жанұзақова, М.Жармұхамедов сияқты мамандар болған, Сыр бойына жасалған кешенді ғылыми экспедицияның батысқа иек артып жатқан Арал – Қазалы, ал оңтүстік-батыс аймағы Қаратау бөктеріне ұласқан Шиелі – Жаңақорған аудандарына түрен түсірмей, Қызылорда қаласының басын, сондай-ақ Кармақшы, Жалағаш, Сырдария секілді санаулы аудандарды шолып өтуді ғана місе тұтқандары түсініксіз. Иә, Қазалыдан халық мұрасын білетін Нәби Жәлімбетов, Қобылаш Жаймұратов, Шыналы Шопанов сияқты бірлі-жарым домбырашылардан Мырза, Көнек, Үсен, Тәппет, Бекпембет, Арынғазы күйлері, кейбір жыр мақамдарының домбыралық нұсқалары, Төрмұрат, Әкімгерей, Жаңабергеннің жыр-күйлері таспаланғаны болмаса, Арал жағына ешкімнің ізі түспегенін айтпағанда, кейін қос өңірден жыршы Болатбек Ердаулетовтың репертуарынан басқа ешнәрсе жазып алынбаған. Ғылымда жауапты мекемелер мен жинаушылардан кеткен осындай ағаттықтардың салқыны кезінде байқалмағанымен, бүгінгі күні кәдімгідей білініп отырғанын, осы жерде амалсыз болса да айтпаса болмайды.

«Бір сөзді бір сөз түртедінің» кері ғой, сол баяғы. Алпысбай молданың немересі Г. Хұсайынқызының мақаласын қарап отырып, тұлымшағы желбіреп жүрген күнінде естіп, ойында сақтаған, атасынан қалған алты жол жырдың мазмұны ерекше ден қойғызды. Оның біріншісі – әкесі Хұсайын айтып отыратын үзік-үзік шумақтардан есінде қалған мына уақиға. Топ ішінде келе жатқан Алпысбайды байқамаған, сөйтіп абайсыз тіл тигізіп, жамандай бастаған, жалпы жиын-тойда екеуі үнемі итжығыс жүретін замандасы Сарыбала шайырға табан астында тап беріп, домбырасын шалып жіберіп, «Сарыбала, аузың құрсын ырбандаған, / Байталдың арт жағындай тырбандаған» дейтін ұзақ айтыстан қалған қос тармақ егіз жол. Екіншісі – «Сылқылдатып соғайын, / Іші түскен қауындай. / Былқылдатып соғайын, / Жаңа жауған жауындай» деп будақтатып ала жөнелетін ұзақ толғаудан қалған үзінді. Жыр жолдары әйгілеп тұрған мына ішкі қуат, темір үзетіндей тегеуріннен мұның иесінің байырғы жыраулық дәстүрді тұтынған ірі толғау алыбы, тап бермеде табан астында нәсерлете жөнелетін импровизацияның қас шебері, сондай-ақ ауызша айтқанын кейін, араға уақыт салып қайыра жырлап, жүйеге түсіріп айтатын ескіше білім алған сауатты жазба шайыр, соның бәрін топқа салып, тыңдаушының алдында шалқытып жырлай білетін эпик жыршы, көмейі жез кернейдей әнші әрі күйші болғанын аңғаруға болады.



ӘЛІМ АЛПЫСБАЙ МОЛДА

Осы алты тармақ үзіндідегі алғашқы 11 буынды екі жол мүлдем қарама-қайшы, біріне екіншісі жанаспайтын ұғымдарды өзара шендестіру арқылы антитеза жасап, бейнелерді айшықтай отырып тірілтеді. Сөйтіп, тыңдаушы санасында біртұтас қабылданатын танымға жеңіл ерекше перцептив жасалған. Әрине, кез келген сөз иесі мұны саналы немесе бейсаналы түрде әдейі жасаудың жайын ойластырмауы мүмкін. Демек, сол уақытқа дейін оның санасында жинақталған, әуелгі формулдық негізі мығым жыршылық тәжірибелер жиынтығы оны осы тәсілді қолдану арқылы тыңдарманын таңғалдыруға өзінен-өзі итермелесе де өзі білсін. Ал ұзақ толғаудың үзіндісі болып жеткен төрт тармақ жыр халық ауыз әдебиетіндегі айшықтаудың ерекше түріне жататын қисынды өзгертуге (логикалық инверсияға), яғни сөздердің мағынасын ауыстырып, аударып пайдаланған жағдайда да әуелгі мәнін сақтай отырып, тармақ ұйқастарын әрі-бері жылжыту арқылы сөз-сөйленістердің мағынасын сақтауға болатынын көрсетеді. Толғау үзіндісінің алғашқы және үшінші жолында тармақты бастап тұрған сылқылдатып, былқылдатып, сондай-ақ, екінші және төртінші тармақтардың соңындағы қауындай, жауындай деген ұйқасты сөздер өзара орын ауыстырып, қанша жерден шалыс қолданылса да, мағынасы өзгермейтіндей болып түйілген. Басынан аяғына, керісінше, аяғынан басына қарай оқысаң да, (Мысалы, Разақ ақын: «Қымбаттым, қырдың қызыл түлкісіндей – Қырдың қызыл түлкісіндей қымбаттым») ұйқасы аунап түсіп, сол мағынаны үдете беретін жайттарға Сыр бойының ақын, шайырлары шығармалары арасынан біраз мысалдар келтіруге болады. Бұл жерде біз шумақтағы ішкі түр мен форманы қанша өзгеріске түсіруге тырысқанымызбен, әуелгі клише-формул мызғымайтын стереотип қалпын сақтап қала беретініне көз жеткізе түсеміз. Қанша жерден репродукция жасап, құбылта жырлағанмен әбден қашалып, сансыз қырланып, тап-таурын болған клише-формул



айтушыға дәстүр аясында тұрып, өлең өрімін қайта жасандырып, түрлеуге шексіз мүмкіндік беретінін осы айтылғандар аясынан анық аңғара түсуге болады.

Жалпы, дәстүр атаулы жаппай ұлттық сипат алмастан бұрын, алдымен белгілі бір отбасы, ауыл, аймақ, қала берді қоңсы, рулас ағайын арасында қалыптасып, өркен жаятыны ғылымда дәлелін тауып, белгісін бекіте бастаған ақиқаттардың бірі. Өлкетанушы Г.Хұсайынқызы әкесі «Хұсайын да, Маханбетжан да ағалары Нәби Жәлімбетовке барып, Алпысбайдың өнері туралы әңгімелерін тыңдағанды ұнататынын» айтыпты. Кезінде шығармашылығы жайында профессор Ә.Қоңыратбаев, жазушы Б.Алдамжаров, домбырашы Ш.Әбілтаевтар қалам тербеген домбырашы Нәби тек Алпысбай ғана емес, Қазалы өңіріне белгілі әнші, күйші, жыршылардың музыка мұрасын кейінгіге шашаусыз жеткізуші соңғы тұяқ. Оның орындауында Әкімгерейдің «Жыр-күйі», Жаңабергеннің «Кекілік тауынан асу әні» сияқты көне жыр мақамдарының домбыралық нұсқалары хатталып, қазақ өнерінің қамбасын толтырғанын ескерсек, сөз жоқ, ол Құрманайарасында дамыған дәстүр шегінде қалыптасып, өзі тәлім-тәрбиесін көрген ұстаз, ағасы молда Алпысбайдың да шығармашылығынан хабардар болғаны мәлім болып отыр. Тағы да сол, айта беретін салқындық һәм салғырттық арқасында

олар білген, көкірегіне түйген қазынаның ширегі де ғылыми мақсат негізінде құнтталып, сауатты әрі жан-жақты жасақталған экспедиция жұмысының нысаны болмауы, кейінгілердің халық мұрасынан көз жазып қалуына себепші болып отыр.

Елдің жады мен төл шығармаларының мәліметі сақтаған деректер әзірге – осы. Қалай десек те, ғылымда жалғандыққа жол берілмеуі тиіс. Ілгеріде ауызекі дерегі айтылған, кейінгілерге Алпысбайға еншіленіп жеткен «Сәулем-ай» әнінің мәтіні халық әндеріне ортақ, кәдімгі авторсыз қара өлең екенін айту керек. Өйткені, алғашқы шумақты бастап тұрған «Керегенің басында оймақ тұрар, / Кедейшілік жігітке қой бақтырар» немесе екінші шумақты жетелейтін «Ойластырған, Құдайым, ойластырған, / Ортанжілік басында жамбас тұрған», сондай-ақ қайырмасын қаусырған «Екі ғана жирен-ай, / Өңшең асыл кигені-ай. / Құмырсқа бел, құмай көз, / Ержігіттің сүйгені-ай» дейтін жолдарды алпысбайлық төл мәтін ретінде қабылдауға болмайды. Эпикалық жыршылық дәстүрдің жазылмаған заңдылықтарына иілсек, мұны Алпысбайдың «репертуары» ретінде де қабылдауға болар еді. Қалай десек те, эпик жыршы өзі айтқан, жырлаған, біреуден есту арқылы қабылдап, сіңіріп, қайта жырлап, шығармашылықпен туындатқан туындының заңды иегері болып саналатындықтан, бұл жерде заманауи «авторлық құқық» ұғымын абайлап қолданған, тіпті қолданбаған абзал.

Немересі Г.Хұсайынқызы Алпысбайдың Қазалы ауданындағы № 17 ауылдық кеңесінің Ленин колхозында дүниеге келуі, асыл сүйегі Ғ.Мұратбаев ауылынан жеті-сегіз шақырымдағы «Сауысқандық» пен «Сұлтан аралы» қорымының бірінде болуы ықтимал екенін айтса да, «бұл жағын әлі нақтылай түсу керек» депті. Ал ғұмырбаянына қатысты Паналы қызбен айтысында молдекеңнің өз сөзінің дерегі не дейді? Ол қарсыласына доқ көрсете отырып, бүгінгілер көз жазып қалып отырған өмірбаян мәліметінің мәнді әрі мағыналы жағын баяндауға көшеді. «Арғы атам

Кіші жүзде хан көтерген, / Айтады «Айыртау» деп ұранымыз» дей келе, жаз жайлауы – Сарыарқа, қыстағы – Қызылдың құмы, әрдайым тұрағы – Қарақұм екенін, жаз айында «Үшқайнар» бұлағына көшіп, қыста қайтатынын айтады. Бұл жерде де нақтылай түсетін нәрсе жеткілікті. Мысалы, жалпы топоним аясындағы «Айыртау» ойконимі территориялық жағынан Солтүстік Қазақстан облысында болса, ұран есебінде Кіші жүздің Т өртқара ұрқына тән.

Сол кездегі ел иесі ретінде есімдерітілгетиекетілгенбайлық, билік, батырлық ауазасынан ат үріккен «тасы өрге домалаған асылы гауһар «жолайда Өтетілеу, шобдар Алмат»; «қасын көрген кербез тұқым «қабақта отыз ұлды тілеу Достан»; «қайырға ат мінгізіп, асын берген «... Жанқожа, тамада Есет»; дұшпанға ар жібермей, басын берген «қария, көпті көрген қарт Мошан», сондай-ақ «дұшпаны мысын көрген Үмбет би» секілді игі-жақсылармен Алпысбайдың арақатынасы қандай? Мұнан туындайтын заңды сауалдардың бірі: «Молдекең осы ерлердің қайсысының даңқына семіріп отыр, ал қайсысының көзін көрді?» Келешек зерттеушілер жақсылардың шарапатын көп көрген, басы төрден кетпеген, елдің бірлігі мен берекеcін жырлап, дін жолына өлшеусіз қызмет еткен Алпысбай молдадан қалған теберік жырды әр қырынан келіп тұртпектеген сайын, әркімге қалаған мөуесін төге берері анық.

Шынын айту керек, біз дйттеген міндет пен алға шығарған мақсаттың ыңғайына қарай жақсыдан жеткен өрнекті сөзге бүгілген сыр-суанның тиегін өзімізше ағытуға тырыстық. Сөз жоқ, «қисынын тауып, қиядан шауып», ізіне түсіп, індетте зерттегендер өлеңге өрілген өмірбаян мен молдекеңнен мирас өнербаянның ізін тапса, енді тек осы шығармадан табары анық. Олай болса, ортамызға жалғыз туындысымен қайта оралған әлім Алпысбай молданың қазақ әдебиеті мен фольклорының тұнығына тастай батып, судай сіңуін тілейік!

Берік ЖҮСІПОВ,
фольклортанушы

АТА ЗАҢ – АЗАТ ЕЛДІҢ АРҚАУЫ ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНА 30 ЖЫЛ

Тарих толқынында небір дәуір өтті. Бірақ әр ұлттың, әр мемлекеттің тағдырын өзгертетін сәттер болады. 1995 жылдың 30 тамызы – дәл сондай күн. Сол күні қазақ халқы өз болашағын бекемдеген, ертеңіне сеніммен қарауға жол ашқан қадам жасады. Бұл – Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданған күн.

Биыл еліміздің Ата Заңына – 30 жыл. Осы үш онжылдықта Қазақстан өз мемлекеттігін нығайтып, әлемге танылған,

іргелі елге айналды. Ал осы жетістіктің негізінде – Конституция тұр.

Конституция – жай ғана заңдар жинағы емес, ол – ел рухының, халықтың ерік-жігерінің көрінісі. Осы құжатта елдің қандай бағытта дамитыны, қандай құндылықтарды басшылыққа алатыны айқын жазылған. "Қазақстан – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет" деген бір сөйлемнің астарында қаншама жауапкершілік, үміт пен ұмтылыс жатыр.

Өткен 30 жыл – жаңғыру мен жаңару жолы. Конституциямыз тұрақтылықты сақтап, халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналды. Мемлекеттік билік тармақталып, тепе-теңдік принципі қалыптасты. Адам құқықтары мен бостандықтары – басты құндылық ретінде орнықты.

Уақыт өз талабын қояды. Жаңа дәуір – жаңа шешімдерді қажет етеді. 2022 жылғы реформалар арқылы Конституцияға енгізілген өзгерістер халық пен билік арасындағы байланысты

одан әрі күшейтті. Бұл – халық дауысы мен үні заң алдында нақты көрініс тапқан сәт болды.

30 жыл – тарих үшін қысқа мерзім шығар, бірақ елдің тағдыры үшін – тұтас бір дәуір. Конституция – осы дәуірдің айғағы, ертеңге бастар сенімді жол. Ата Заңды ардақтау – елдікті ұлықтау. Өйткені Конституция – біздің тәуелсіздігіміздің темірқазығы, еркіндігіміздің ерен ескерткіші.

Дәурен АБДЫКАЛЫКОВ,
Қазалы аудандық сотының төрағасы

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазалы аудандық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 9 сәуірдегі

«Ғ. Мұратбаев және Қарашеңгел ауылдық округтері әкімінің сайлауын тағайындау туралы» №АСК-7/157 санды қаулысы негізінде Қазалы ауданы,

Ғ. Мұратбаев және Қарашеңгел ауылдық округтері бойынша сайлау учаскесінің орналасқан мекен-жайы мен шекарасы туралы төмендегідей мәліметтер беріледі.

Мем. тіркеу №120000 - 120008 - 7495
2020 жылғы 28 мамыр

2020 жылғы 27 мамыр

№97

Сайлау учаскелерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 23-бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазалы ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

М. Ергешбаев

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазалы аудандық сайлау комиссиясымен
27.03.2020 жыл

Қазалы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 27 мамыры
№ 97 шешіміне
1-қосымша

Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері

№	Сайлау учаскесінің нөмірі және мекен-жайы	Шекаралары
	№64 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ғ.Мұратбаев атындағы №91 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, Ғ.Мұратбаев ауылы, Ақтан батыр көшесі №3.	Ғ.Мұратбаев ауылдық округінің Ғ.Мұратбаев ауылы.
	№83 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Орналасқан жері: Қазалы ауданы, «Қарашеңгел» ауылдық округі, Жалаңтөс батыр ауылы, Әбдіраман Тілеубаев көшесі, №8.	«Қарашеңгел» ауылдық округінің Жалаңтөс батыр аулы, «Үйрек», «Ойынды», «Көбек», «Алтай», «Водокачка» елді мекендері мен «Ақөзек» учаскесі.

ВНИМАНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

На основании постановления Казалинской районной избирательной комиссии от 9 апреля 2025 года №РИК-7/157 «О назначении выбора акимов сельского округа Г. Муратбаев и Карашенгель» дается следующее сведение

об адресе расположения и границе избирательного участка.

Гос. регистр №120000-120008-7495
28 мая 2020 года

№97

от 27 мая 2020 года

Об образовании избирательных участков

В соответствии со статьей 23 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах Республики Казахстан» и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» аким Казалинского района РЕШИЛ:

1. Образовать избирательные участки по Казалинскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.

2. Признать утратившими силу некоторые решения акима Казалинского района по перечню согласно приложению 2 к настоящему решению.

3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.

4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким Казалинского района

М. Ергешбаев

«СОГЛАСОВАНО»

Казалинской районной избирательной комиссии
27.03.2020 год

Приложение 1 к решению
акимата Казалинского района
от 27 мая 2020 года №97

Избирательные участки по Казалинскому району

№	Номер и адрес избирательного участка	Границы
	Избирательный участок №64 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 91 имени Г. Муратбаева» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области». Местонахождение: Казалинский район, сельский округ Г.Муратбаева, село Г.Муратбаева, улица Актан батыра №3.	Село Г.Муратбаева сельского округа Г.Муратбаева.
	Избирательный участок №83 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 103 имени К. Примова» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области». Местонахождение: Казалинский район, сельский округ Карашенгель, село Жалантос батыра, улица Абдраман Тлеубаева №8.	Село Жалантос батыра, населенные пункты «Үйрек», «Ойынды», «Көбек», «Алтай», «Водокачка» и участок «Ақөзек» сельского округа Карашенгель.

ОНОМАСТИКАЛЫҚ КОМИССИЯҒА ЖОЛДАНАДЫ

Әйтеке би кентінің Дәстен Оразымбетов 1 көшесін – «Айнакөл» атауымен және Біржан Сал тұйық көшесін «Белкөл» атауымен қайта атау туралы тұрғындармен жергілікті қоғамдастықтың жиналысының өткізілгендігін хабарлаймыз. Жиналысқа қатысқандар саны 20. Ұсынысты қолдап дауыс бергендер саны 20. Қалыс қаған, қарсы болғандар жоқ.

Әйтеке би кенті әкімінің аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.